

2002 жылғы 7 қазандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің кәмелетке толмағандарды олардың тұрақты тұратын мемлекеттеріне қайтару мәселелеріндегі ынтымақтастығы туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 мамырдағы № 555 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2002 жылғы 7 қазандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің кәмелетке толмағандарды олардың тұрақты тұратын мемлекеттеріне қайтару мәселелеріндегі ынтымақтастығы туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманың жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Бақытжан Әбдірұлы Сағынтаевқа 2002 жылғы 7 қазандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің кәмелетке толмағандарды олардың тұрақты тұратын мемлекеттеріне қайтару мәселелеріндегі ынтымақтастығы туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттамаға мынадай: «Қазақстан Республикасы үшін осы Хаттама Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығына қайшы келмейтін бөлігінде уақытша қолданылатын болады.» деген ескертпемен Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 4

ж ы л ғ ы

2 8

м а м ы р д а ғ ы

№

5 5 5

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

Жоба

2002 жылғы 7 қазандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің кәмелетке толмағандарды олардың тұрақты тұратын мемлекеттеріне қайтару мәселелеріндегі ынтымақтастығы туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттама

2002 жылғы 7 қазандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің кәмелетке толмағандарды олардың тұрақты тұратын мемлекеттеріне

қайтару мәселелеріндегі ынтымақтастығы туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің үкіметтері бұдан әрі Тараптар деп аталатын, кәмелетке толмағандарды олардың тұрақты тұратын мемлекеттеріне қайтару мәселелеріндегі ынтымақтастықты жалғастырудағы мүдделілікті ескере отырып төмендегілер туралы келісті:

1-бап

2002 жылғы 7 қазандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің кәмелетке толмағандарды олардың тұрақты тұратын мемлекеттеріне қайтару мәселелеріндегі ынтымақтастығы туралы келісімнің 17-бабының бірінші және екінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

«Егер Тараптар өзгеше шешім қабылдаса, осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады».

2-бап

Осы Хаттама 2014 жылғы 10 маусымнан бастап уақытша қолданылады және оған қол қойған Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы үшінші хабарлама депозитарийге сақтауға берілген күнінен бастап күшіне енеді. Қажетті рәсімдерді кейінірек орындаған Тараптар үшін Хаттама тиісті құжаттарды депозитарийге тапсырған күнінен бастап күшіне енеді.

қаласында бір түпнұсқа данада орыс тілінде жасалды. Түпнұсқа данасы оның куәландырылған көшірмесін осы Хаттамаға қол қойған әр мемлекетке жіберетін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады.

<i>Әзербайжан Республикасының</i>	<i>Ресей Федерациясының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>
<i>Армения Республикасының</i>	<i>Тәжікстан Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>
<i>Беларусь Республикасының</i>	<i>Түрікменстанның</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>
<i>Қазақстан Республикасының</i>	<i>Өзбекстан Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>
<i>Қырғыз Республикасының</i>	<i>Украина Үкіметі үшін</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	
<i>Молдова</i>	<i>Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	

